

Бір өзінді, сәулешім, салады еске

Ойнақы, надана

Сөзі Рамазан Тышқанбаевтікі
Әні Жақсылық Мұқановтікі

Ba - ла бү - лақ күз тас - та сыл-ды-ра - ған,

Эн-ші-дей нә-зік дау - сын мың бү-ра - ған.

Бір ө - зің - ді сәу - ле - шім са - ла(ды) ес - ке

Са-ла(ды) ес - ке күл - кің - ді сын-ғыр-ла - ған.

A - - - - a, A - -

- ай! Бір ө - зің - ді сәу - ле - шім

са - ла(ды) ес - ке са-ла(ды) ес - ке күл - кің - ді

сың-ғыр - ла - ған. ay - ы - зы - наң.

1,2,3,4 Алқтау үшін



1. Бала бұлақ құз таста сылдыраған,
Әншідей нәзік дауысын мың бұраған.
Бір өзінді, сәулешім, салады еске,
Салады еске күлкінді сыңғырлаған.
2. Тып-тыныш ашық кеште маужыраған,
Ай назары ерекше ауды маған.
Ол да сені сәулешім, салады еске,
Салады еске көзінді жаудыраған.
3. Жел тисе жапырағы желбіреген,
Қыр басында қызғалдақ гүлді көрем.
Ол да сені, сәулешім, салады еске,
Салады еске ернінді үлбіреген.
4. Қызғалдақ боп ашылған қауызынан,
Бұлақ болып, бүркүлдап тау құзынан.
Әлемнің әсемдігін бойға жиып,
Табиғаттың түстің бе, ауызынан?